

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 17 ақпандағы N 739 Жарлығын орындау үшін ведомствоаралық комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 19 ақпандағы N 27-ө Өкімі

1. "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін нығайту және барлау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 17 ақпандағы N 739 Жарлығының 4-тармағын іске асыру мақсатында мынадай құрамда Ведомствоаралық комиссия құрылсын:

Орынбаев	- Қазақстан Республикасы Премьер-
Ербол Тұрмаханұлы	Министрінің орынбасары, төраға
Жанқұлиев	- Қазақстан Республикасының "Сырбар"
Аманжол Қазбекұлы	Сыртқы барлау қызметінің директоры
Кармазина	- Қазақстан Республикасының Экономика
Лена Мағауияқызы	және бюджеттік жоспарлау вице-министрі
Котенко	- Қазақстан Республикасы Премьер-
Наталья Леонидовна	Министрінің Кеңесі Әлеуметтік-
	экономикалық бөлімінің меңгерушісі
Құсдәулетов	- Қазақстан Республикасының Әділет
Дулат Рашитұлы	вице-министрі
Нұриманов	- Қазақстан Республикасы Ұлттық
Мақсұт Әнуарбекұлы	қауіпсіздік комитеті төрағасының
	орынбасары
Тәңірберген	- Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік
Саидмұрат Бапанұлы	Кеңесінің Хатшылығы меңгерушісінің
	орынбасары
Өтепов	- Қазақстан Республикасы Қаржы
Эдуард Карлұлы	министрлігі Мемлекеттік мүлік және
	жекешелендіру комитетінің төрағасы
Шамсутдинов	- Қазақстан Республикасының Премьер-
Ринат Шарафутдинович	Министрінің Кеңесі Қорғаныс және құқық
	тәртібі бөлімінің меңгерушісі

2. Ведомствоаралық комиссия:

1) 2009 жылғы 1 наурызға дейінгі мерзімде "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін нығайту және барлау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 17 ақпандағы N 739 Жарлығының 4-тармағын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі -

Іс-шаралар жоспары) Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі бекіту үшін
ұ с ы н с ы н ;

2) Іс-шаралар жоспарының іске асырылуын бақылауды қамтамасыз етсін;

3) 2009 жылғы 15 сәуірге дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының
Премьер-Министріне Іс-шаралар жоспарының іске асырылу қорытындылары туралы
а қ п а р а т ұ с ы н с ы н .

3. Осы өкім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министр

К. Мәсімов